



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.03.2023г. № 85 МК

Түркістан қаласы

город Туркестан

**«Байқау кеңесінің
құрамын бекіту туралы»**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жансая" облыстық балалар оңалту орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның байқау кеңесінің құрамы жаңа редакцияда осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес өзгертіліп бекітілсін;

2. Осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның басшысы:

1) байқау кеңесі төрағасының сайлануын және хатшысының тағайындалуын ұйымдастыру;

2) байқау кеңесі отырыстарын тоқсанына бір рет өткізуді ұйымдастыру;

3) байқау кеңесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдау тапсырылсын.

3. Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы медициналық ұйымдардың адами ресурстарын басқару бөлімі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес конкурс тәртібімен бекітілген байқау кеңесі мүшелерімен тиісті шарт жасалуын қадағалап, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды осы бұйрықпен таныстыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы байқау кеңестерінің мүшелеріне конкурстық іріктеуді өткізу туралы комиссияның ұсынысы.

Басшының м.а



Е.Тәжімұрат

Түркістан облысының
денсаулық сақтау басқармасының
« 13 » 03 2023 жылғы
№ 85-ші бұйрығына
№1 қосымша

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жансая Облыстық балалар оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының байқау кеңесінің құрамы:

№	Т.А.Ә	Жұмыс орны
1	Бегайдарова Лайла Умиртаевна	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының дәрілік заттармен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, басқарманың өкілі; Мүше
2	Мұхан Айшат Бегенқызы	Түркістан жоғарғы медициналық колледжінің бас бухгалтері, Мүше
3	Ешмуратова Лаззат Наказовна	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «Кентау қалалық клиникалық аурухансы» МКК-нің басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары, Мүше
4	Әбдімәлік Бауыржан Әбдімәлікұлы	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Жансая облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК-нің басшысы м.а, Мүше
5	Мендыбаева Гульжан Мейрамкуловна	Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің БАБ проект менеджері, Мүше